



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
ХОРЕОГРАФИЯ
АКАДЕМИЯСЫ

Қазақ ұлттық хореография академиясының

2019-2020 оқу жылындағы қызметі туралы

ЕСЕБІ



НОРМАТИВТІК АКТІЛЕР

- «Білім туралы» Заң
- «Ғылым туралы Заң
- «Мәдениет туралы» Заң
- «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заң
- «Рұқсаттар мен хабарламалар туралы» Заң
- «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заң
- «Акционерлік қоғамдар туралы» Заң
- «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарастыру тәртібі туралы» Заң
- Білім берудің барлық деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары
- Қазақстан Республикасында білім мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
- Президент Жарлықтары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулылары
- COVID-19 коронавирустық инфекция пандемиясы кезеңінде білім берудің барлық деңгейлерінің оқу процесін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар
- «COVID-19 коронавирустық инфекция пандемиясы кезеңінде оқу процесін қашықтықтан білім беру технологияларына көшіру кезінде білім беру сапасын қамтамасыз ету бойынша қосымша шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрықтары
- Білім беру процесін реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілер



МИССИЯ ЖӘНЕ БАҒДАР

Қазақстандық қоғамның рухани-эстетикалық дамуын қамтамасыз ететін, хореография өнері мен мәдениет саласындағы жоғары білікті мамандарды даярлау.

Әлемдік білім беру стандарттарына сәйкес келетін білім беру мекемесінің бірегей моделін құру.



**2019-2020 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ҚАЗАҚ
ҰЛТТЫҚ ХОРЕОГРАФИЯ
АКАДЕМИЯСЫ АККРЕДИТТЕУ МЕН
РЕЙТИНГТІҢ ТӘУЕЛСІЗ
АГЕНТТІГІНДЕ МАҢЫЗДЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ
АККРЕДИТТЕУ ПРОЦЕДУРАСЫНАН
ӨТТІ.**

Сарапшылар халықаралық білім беру стандарттарына сәйкестігін растап, Академияның зияткерлік, шығармашылық, рухани және инновациялық әлеуетіне жоғары баға берді.





ЖЕТІСТІКТЕР

Қазақ ұлттық хореография академиясы «Қазақстан студенттерінің альянсы» Республикалық студенттер қозғалысының жоғары оқу орындары рейтингінде Қазақстанның 10 үздік жоғары оқу орындарының қатарына енді.



ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕҢ ҮЗДІК 10 ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ

-
- 1) Nazarbayev University
 - 2) С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті
 - 3) Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
 - 4) С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті
 - 5) Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
 - 6) Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы
 - 7) Сүлейман Демирель атындағы университет
 - 8) Astana IT
 - 9) М.С.Нәрікбаев атындағы КазГЮУ университеті
 - 10) Қазақ ұлттық хореография академиясы



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ЖАҢҒЫРТУ АЯСЫНДА МЕКТЕП-КОЛЛЕДЖДІҢ БАРЛЫҚ СЫНЫПТАРЫ (1-9 СЫНЫПТАР) ЖАҢАРТЫЛҒАН МАЗМҰНДАҒЫ БАҒДАРЛАМАЛАРҒА КӨШТІ, АЛ МЕКТЕП-КОЛЛЕДЖ АҒЫМДАҒЫ ОҚУ ЖЫЛЫНАН «ПЛАТОНУС-КОЛЛЕДЖ» АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН ПЛАТФОРМАСЫНА КӨШЕДІ.

Бакалавриаттағы барлық 12 білім беру бағдарламасы ұлттық сараптамадан өтіп, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бәсекеге қабілетті білім беру бағдарламаларының тізіміне енді.

Магистратура «Арт-менеджмент» бойынша жаңа білім беру бағдарламасымен толықты.



КАДРЛЫҚ ҚҰРАМ

Академияның профессор-оқытушылар құрамы

Академияның профессор-оқытушылар
құрамы - **117 адам**



3 ҒЫЛЫМ
докторы



14 ҒЫЛЫМ
кандидаты



5 философия
докторы (PhD)



20 педагог мемлекеттік
нағрадалар мен құрметті
атақтарға ие



КАДРЛЫҚ ҚҰРАМ

Біздің наградаларымыз

Мусина Флюра Борисовна

«ҚҰРМЕТ» ОРДЕНІ

Нусипжанова Бибигуль Нургалиевна

«ҚҰРМЕТ» ОРДЕНІ

Толегенова Раушан Калыбековна

«МӘДЕНИЕТ ҮЗДІГІ» ТӨСБЕЛГІСІ

Шамшиев Алмас Шердарович

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ
СПОРТ МИНИСТРЛІГІНІҢ ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫ**

Джаканов Бауржан Сансызбаевич

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ
ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІНІҢ АЛҒЫС ХАТЫ**



КАДРЛЫҚ ҚҰРАМ

Аға оқытушы **Садыкова Анвара Ариповна** Қырғызстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясында өнертану кандидаты ғылыми дәрежесін алуға кандидаттық диссертацияны сәтті қорғап шықты.

Аға оқытушы **Агзамова Диана Олеговна** Мәскеу мемлекеттік мәдениет институтында хореографиялық өнер магистрі академиялық дәрежесін алу үшін магистрлік диссертацияны табысты қорғады.

Аға оқытушы **Садыкова Анвара Ариповна** конкурстық іріктеуден өтіп, «Қазақстанның 100 жаңа тұлғасы» Республикалық жобасының жеңімпазы атанды.

Академияның мектеп-колледжінің **10** оқытушысы «Үздік педагог - 2019» Республикалық байқауының жеңімпаздары атанды және «Қазақстан Республикасының үздік педагогтары» атты Республикалық жинаққа енгізілді.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша **3** оқытушы Карим А.Т., Камалова Н.О., Тургунбаева Г.М. «Үздік ашық сабақ – 2019» Республикалық педагогикалық байқауының жеңімпаздары атанды.



КАДРЛЫҚ ҚҰРАМ

2019-2020 оқу жылында мектеп-колледждің **97** ұстазы біліктілікті арттыру курстарынан өтті

Академияның профессор-оқытушылар құрамының **100%** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінде интерактивті қашықтық форматындағы жұмыстың жаңа әдістері бойынша оқытудан өтті.

Пандемияға байланысты жұмыстың тоқтап қалуына қарамастан **69** қызметкердің жалақысы **100%** төленді, **29** қызметкерге материалдық көмек көрсетілді.



БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ КОНТИНГЕНТІ

2019-2020 оқу жылында білім алушылардың саны –

538 адам:



310

мектеп



137

бакалавриат



10

магистратура



79

колледж



2

докторантура



15

АҚШ, Жапония, Қырғызстан, Ресей Федерациясы, Өзбекстан және Эстония мемлекеттерінен келген шетелдік білім алушылар.



ҮЛГЕРІМ

Білім беру деңгейі

Үлгерім

Бастауыш білім беру

1-3 сыныптар

100%

Техникалық және
кәсіптік білім
берудің 1-деңгейі

4-9 сыныптар

99%

Техникалық және
кәсіптік білім
берудің 2-деңгейі

I - III курс

100%

Бакалавриат

98%

Магистратура


100 %



ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ

Қашықтықтан оқыту мәселелері бойынша тәулік бойы жұмыс істейтін
CALL-CENTER ұйымдастырылды: тел. 8 (7172) 798-570
e-mail: SUPPORT@BALLETCACADEMY.KZ

- қашықтықтан оқытуды есепке алғанда жоғары оқу орнының академиялық саясаты, сабақтарды, кәсіптік практикаларды, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу, дипломдық және магистрлік диссертацияларды қорғау тәртіптері және тағы басқа құжаттар әзірленіп, Академияның ресми сайтында жарияланды.
- қашықтықтан оқыту кезеңінде білім алушыларға, ұстаздар мен қызметкерлерге психологиялық және әдістемелік қолдау көрсетілді.
- ақпараттық-техникалық және кітапханалық цифрлық ресурстар жақсартылды.
- Академияның барлық тәрбиеленушілері, профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлері қажетті компьютер жабдығымен қамтамасыз етілді.
- Қашықтықтан оқыту Zoom, Google Classroom, WhatsApp, Күнделік, ArtaLearning Интернет-платформаларын қолданып, өткізіледі.





ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ

Қашықтықтан оқыту кезеңінде 4500-ден аса сабақ, оның ішінде шамамен 4200-дей сабақ онлайн форматта өткізілді;

- 2020 жылдың сәуір-мамыр айларында Академияның барлық педагогтарының күшімен Zoom, Фейсбук, Инстаграм, Телеграм, Ютуб арнасында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Біз біргеміз» Республикалық платформасында 85 онлайн дәрістер, дөңгелек үстелдер, байқаулар, викториналар, концерттер өткізілді.
- Академия ұстаздары **45** онлайн дәріс өткізді, Youtube-арнасында мектеп-колледж оқытушыларының **30**-дан аса онлайн сабақтары орналастырылды.





КӘСІПТІК ПРАКТИКА





ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСУ

2019-2020 оқу жылы аяқталғаннан кейін Академияны бітіріп шыққан **18 түлек** «Астана Опера», «Астана Балет» театрлары және Абай атындағы Мемлекеттік академиялық Опера және балет театры (Алматы қ.) сияқты жетекші театрлардың балет труппаларына қабылданды.

Түлектердің **95,4%** жұмысқа орналасты.



АШЫҚ ЕСІКТЕР КҮНІ





ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ БАСПА ЖҰМЫСЫ

2019-2020 оқу жылында профессор-оқытушылар құрамы Академия базасында, сондай-ақ басқа орындарда өткен ғылыми конференцияларға, семинарларға, симпозиумдарға белсене қатысып, үлкен жетістіктерге қол жеткізді.

Болгария, Ресей, Қазақстан елдерінің мамандарының қатысуымен өткен «Folk dance: халық биінің даму жолдары мен қазіргі жағдайы» тақырыбындағы бірінші онлайн-конференция.





ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ БАСПА ЖҰМЫСЫ

8 елден шетелдік ғалымдардың қатысуымен «Абай
мұрасы – әлемдік мәдениеттің қазынасы»
атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция.





ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ БАСПА ЖҰМЫСЫ



Қазақ биі зертханасы
жетекшісі – профессор **Тойған Ізім**



«Өнерлаб» зертханасы
жетекшісі – профессор **Гульнара
Жумасейтова**

Зертханалардың атқарған жұмыс қорытындысы бойынша 30-дан аса мақала жарияланды, орындаушылар мен би ұжымдарының қатысумен қазақ биі тарихы бойынша шеберлік сыныптары өткізілді, хореографтармен және «Астана Балет» театрының жетекші солистерімен кездесулер ұйымдастырылды.

«Өнерлаб» зертханасы «Астана Балет» театры сыншылар мен көрермендер көзімен», «Астана Опера» театры сыншылар мен көрермендер көзімен» екі шаруашылық шарт жобасы бойынша жұмыс жүргізді.





ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ БАСПА ЖҰМЫСЫ

Студенттік ғылыми қоғам

«Science safe»

«Ғылыми зерттеу
практикумы»

Онлайн «Ғылыми
апталық»





ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ БАСПА ЖҰМЫСЫ

Студенттердің Республикалық форумдарда алған жұлделі орындары – студенттердің ғылыми жұмыс жетістіктерінің көрсеткіші.



- «Хореография» мамандығының студенттері Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының «Хореография» мамандығы студенттері арасында республикалық пәндік олимпиадасында - 1 орын.
- «Хореография» мамандығы (Өнер» бағыты) студенттерінің ғылыми-зерттеу жұмыстары Республикалық байқауының қорытындылары бойынша 2 және 3 дәрежелі дипломдар.



ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ БАСПА ЖҰМЫСЫ

2019-2020 оқу жылында Академия оқытушыларының 80-нен аса жұмыстары жарияланды:



6 мақала Thomson Reuters, Scopus, Web of Knowledge халықаралық ғылыми базаларына енді.

Профессорлар Ізім Тойған Оспановна мен Кульбекова Айгуль Кенесовнаға 5 авторлық құқық куәлігі берілді.

- 7 ғылыми-әдістемелік еңбек басылып шықты, бірнеше монографиялар мен құралдар баспаға дайындалуда: Анвара Садыкованың «Қазақ балетінің Сильфидасы. Майра Қадырованың шығармашылық портреті» монографиясы; Людмила Викторовна Макарецца мен Антон Михайлович Луковкиннің «Төменгі сыныптарда станокта және ортада айналу техникасын меңгеру» оқу-әдістемелік құралы; Алила Турсумбаевна Алишеваның «Халық-сахналық би оқытушыларына арналған әдістемелік ұсынымдары», Назира Сарсенбаевна Абдулинаның «Испан сахна биі» бөлімі бойынша әдістемелік ұсынымдары», Гульнара Юсуповна Саитованың «Шығыс биі» пәні бойынша өзіндік жұмысқа арналған әдістемелік ұсынымдары» және тағы басқа еңбектер.
- Академияның «Arts Academy» ғылыми журналы 4 нөмірінде 42 мақала жарияланды, ағылшын тіліндегі мақалалардың саны көбейді.



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҮНТІМАҚТАСТЫҚ





ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҮНТІМАҚТАСТЫҚ

Мектеп-колледждің басшысы Кокшинова Светлана Юрьевнамен I курс докторанты Шомаева Дилара Рим қаласында өткен халықаралық конференцияға қатысты.

Агзамова Диана Олеговна Рим қаласындағы (Италия) Ұлттық би академиясының білім алушылары үшін шеберлік сыныбын өткізді.

2019 жылдың желтоқсан айында ERASMUS+ жобасы аясында Академия Тарту Университетімен (Эстония) студенттер мен оқытушылар алмасу бойынша шартқа қол қойды.

Халықаралық сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша «Режиссура», «Өнертану» және «Арт-менеджмент» мамандықтарының 5 студенті Қазан мемлекеттік мәдениет институтына (Ресей Федерациясы) оқуға жіберілді, ал Қазан мемлекеттік мәдениет институтының 5 студенті Академияда оқыды.



ШЕБЕРЛІК СЫНЫПТАРЫ

2019-2020 оқу жылы шақырылған шетелдік шеберлердің 5 шеберлік сыныптары өтті:



- Ксения Зверева (Швеция)
- Кэтрин Сайделл Пилкингтон және Филипп Бараоидан (США)
- Вита Хлопова (Ресей)
- Елена Федотова (Ресей)
- Дмитрий Пимонов (Ресей)





ШЕБЕРЛІК СЫНЫПТАРЫ

Академия оқытушылары шетелдік студент-хореографтар үшін мастер-класстар өткізді:

Анвара Садыкова - Пекин би академиясында және Хеньян педагогикалық университетінде (Қытай) қазақ биінен шеберлік сыныптары

Светлана Кокшинова - Токиодағы (Жапония) «София» балет мектебінде классикалық биден шеберлік сыныптары

Диана Агзамова – Рим қаласындағы (Италия) Ұлттық би академиясының білім алушылары үшін шеберлік сыныбы



КОНЦЕРТТІК ҚЫЗМЕТ



2019–2020 оқу жылында Академия білім алушылары 26 концерт мен 33 спектакльге қатысты, оның ішінде Ташкент (Өзбекстан) және Алматы қалаларында гастрольдік концерттер өтті.



Академия репертуарына П. Чайковскийдің «Щелкунчик» балеті, 10 жаңа классикалық қойылым, заманауи хореография бойынша 5 қойылым қабылданып, қойылды.



ФЕСТИВАЛЬДАР МЕН БАЙҚАУЛАР

Біздің жеңістеріміз

2019-2020 оқу жылында Академия білім алушылары халықаралық фестивальдар мен байқауларда 15 жүлде жеңіп алды.





ФЕСТИВАЛЬДАР МЕН БАЙҚАУЛАР Біздің жеңістеріміз





ФЕСТИВАЛЬДАР МЕН БАЙҚАУЛАР

Біздің жеңістеріміз

Қазақ ұлттық хореография академиясының студенттері
«World Folk Vision-2020» Бүкіләлемдік ұлттық
мәдениеттер мен өнер фестивалінде әлемнің 115 елінен
келген 3950 шығармашылық ұжым арасынан үздік атанып
2 жұлделі орынға ие болды





ӘЛЕУМЕТТІК- ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ

Болашақ маманды кәсіби даярлау процесінде тәрбие қызметі маңызды орын алады.

Оқушыларға әлеуметтік қолдау көрсету – Академияның ерекше назарында.

Карантин жағдайында Академияның педагог-психологтары білім алушылар үшін 70-тен аса психологиялық тренингтер мен консультациялар өткізді.



ҚАБЫЛДАУ КОМИССИЯСЫ

Биыл оқуға қабылдау АЛҒАШ РЕТ онлайн форматта өтті. Қабылдау комиссиясы 13 сәуір-30 маусым аралығында қомақты жұмыс атқарып үміткерлер жолдаған 5000 фотосуреттер мен 300-ден аса видеоматериалдарды қарап шығып, арасынан үздіктерін іріктеп алды.





ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ



«La petite fleur» балаларды
эстетикалық дамыту студиясы



фортепиано бойынша
сабақтар



шығармашылық шеберхана



ұзартылған күн тобы



тіл курстары



мектепке дайындау
бағдарламасы

297

адам

*адам 20 қосымша білім беру бағдарламасы бойынша оқыды.
Сондай-ақ, алғаш рет Тараз қаласында Анвара Ариповна
Садыкованың көшпелі шеберлік сыныбы өтті*



ТҰРҒЫН ҮЙ КОРПУСЫ

Өткен жылы «Алтын ұя» тұрғын үй корпусында
277 бала тұрды:

126 мектеп
оқушысы

72 колледж
студенті және


76 бакалавриат,
магистратура мен
докторантура
студенттері

Тұрғын үй корпусының тәрбиешілері әлеуметтік-тәрбие жұмысын белсенді жүргізеді: карантинге дейін 62 іс-шара Нұр-Сұлтан қаласындағы музейлерге, театрлар мен кинотеатрларға 15 экскурсия өткізілді. Карантин кезеңінде онлайн форматта барлығы 30-дан аса іс-шара өтті.

Ұлы Абайдың 175 жылдығына және Ұлы Жеңістің 75 жылдығына орай байқаулар ұйымдастырылды, тәрбиеленушілердің Ұлы Отан соғысына қатысқан аталары мен әжелері туралы әңгімелерінің негізінде «Мәңгілік полк» атты соғыс тақырыбына 20 видеоролик дайындалды.



ИНФРАҚҰРЫЛЫМ



Бассейн



Спорт залы



Жаттығу залы



Кітапхана





КІТАПХАНА ҚОРЫ

Кітапхана қоры:

55 648

кітап

Пандемия кезеңінде білім алушылар мен қызметкерлерге онлайн түрде толық абоненттік қызмет көрсетілді, Академияның электрондық кітапханасы үздіксіз жұмыс істеді.





МУЗЕЙ



МЕДИАКЕҢІСТІК

Академия сайт және әлеуметтік желілердегі белсенді жұмыстың арқасында көпшілікке таныла бастады:



www.balletacademy.kz



[@balletacademy_kz](https://www.instagram.com/balletacademy_kz)



[@academyofchoreography](https://www.facebook.com/academyofchoreography)



[balletacademykz](https://www.youtube.com/balletacademykz)



<https://t.me/balletacademykz>

Академияның әлеуметтік желілердегі аккаунттарына барлығы 17 мыңнан аса адам жазылған



МАҚСАТТАР

Дамыған цифрлық инфрақұрылымы бар заманауи білім беру орнының форматына көшуді жүзеге асыру мақсатында:

- **электрондық бизнес-процесстердің қолданыстағы барлық кезеңдері мен формаларын бірыңғай жүйеге (оның ішінде e-book, Platonus) топтастыру қажет.**





МАҚСАТТАР

Білім беру қызметін дамыту және сапасын арттыру мақсатында:

- шетелдік қашықтықтан білім беру бағдарламасын енгізіп, отандық жоғары оқу орындарымен ынтымақтастықты кеңейту;
- Академияда мамандар даярлаудың барлық бағыттары бойынша видеокурстар жасақтау жұмысын ұйымдастыру;
- ағылшын (шетел) тілін үйренуге ынталандыратын әртүрлі формаларды пайдаланып, Академияның көптілдік экоортасын дамыту;
- бірлескен және екідипломды білім беру бағдарламаларын енгізу (Халықаралық және республикалық кеңістікте).



МАҚСАТТАР

Ғылыми-зерттеу және инновациялық жұмыс сапасын дамыту және арттыру мақсатында:

- ғалымдардың Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ғылыми-зерттеу жобаларына белсенді қатысуын жандандыру;
- Академияның ғалымдары үшін Publons.com ресурсының, DOI (цифрлық объектінің идентификаторы) және ORCID ID (зерттеуші мен қатысушының ашық идентификаторы) жүйелерінің бейінін толықтыруды ұйымдастыру.





МАҚСАТТАР

Халықаралық ынтымақтастықты, PR дамыту және әлемдік білім беру кеңістігіне кірігу үшін:

- магистранттардың, докторанттар мен профессорлық-оқытушылық құрамның академиялық ұтқырлық ортасын кеңейту.
- даярлаудың барлық деңгейлеріне шетелдік студенттерді тартуды жандандандыру.
- шетелдік ұйымдармен онлайн ынтымақтастық жүргізудің әртүрлі формаларын қолдану.
- Erasmus+ конкурсына, әртүрлі грант бағдарламаларына, беделді халықаралық байқауларға қатысу қажет.





МАҚСАТТАР

Кадрлық әлеуетті дамыту және Академия қызметкерлерінің біліктілігін арттыру мақсатында:

- «ғылым кандидаты»/ «ғылым докторы»/ «философия докторы (PhD)»/ «бейін бойынша доктор» ғылыми дәрежелері, «доцент», «профессор», «философия докторы (PhD)» академиялық дәрежелері бар профессор-оқытушылар құрамының үлесін, Қазақстан Республикасының құрметті атақтары мен мемлекеттік наградаларына ие болған оқытушылардың үлесін ұлғайту;
- шетелдік мамандарды ынтымақтастыққа тарту.





МАҚСАТТАР

Шығармашылық әлеуетті және таланттарды дамыту мақсатында:

- сахналық практиканы іске асыруға арналған білім алушылардың концерттік репертуарын ұлғайту мақсатында классикалық, халық және заманауи билерді қою үшін отандық және шетелдік хореографиялық өнер шеберлерін шақыру бойынша жұмысты жалғастыру;
- қазақстандық хореографиялық білім беруді көпшілікке таныту бағыттарының бірі ретінде Академия білім алушыларының халықаралық фестивальдарға, байқауларға, концерттерге қатысуын ұйымдастыру практикасын жалғастыру.



МАҚСАТТАР

Кітапханада қызметтер көрсетуді дамыту мақсатында:

- қазақстандық және шетелдік жетекші кітапханалардың тәжірибесін қолдана отырып, қашықтықтан өткізілетін іс-шараларды, ашық дәрістерді, виртуалдық кітап көрмелерін, READx ұйымдастыру жұмысын жалғастыру.
- Электрондық кітапхананы (E-book) толықтыру, басымды және оқырмандар сұранысына ие басылымдарды цифрлық форматқа көшіру жұмысын жалғастыру.





МАҚСАТТАР

Қосымша білім беру қызметтерін жақсарту және біліктілікті арттыру мақсатында:

- заманауи білім беру жүйесіне бағдарланған біліктілікті арттыру курстарының және балалар мен ересектерге арналған қосымша білім беру бағдарламаларының, оның ішінде онлайн форматта өткізілетін бағдарламалардың санын көбейту.
- онлайн форматта қосымша білім беру бойынша қашықтықтан оқыту бағдарламасын жүзеге асыруды жалғастыру ұсынылады.



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
ХОРЕОГРАФИЯ
АКАДЕМИЯСЫ

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!